



КЕЛІСІЛГЕН:

Қарағанды облысы білім
басқармасының Балқаш қаласы
білім бөлімінің
«Абай атындағы №2 мектеп-
лицейі» КММ
кәсіподақ төрайымы
А.А.Толубекова 

« 1 » « 09 » 2023 ж.

БЕКІТЕМІН:

Қарағанды облысы білім
басқармасының Балқаш қаласы
білім бөлімінің
«Абай атындағы №2 мектеп-
лицейі» КММ
директордың м.а.
Ж.А. Шармуханбетова 

« 1 » « 09 » 2023 ж.

Логопед Айгерім Дәуренбекқызы Жүнісбектің лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексі, ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №338 және 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрықтары, лицей Жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы», №6 «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтарының негізінде жасалды.

1.2. Бұл лауазымдық нұсқаулық логопедтің функциялық міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындап, белгілейді.

1.3. Логопед қалалық білім бөлімі келісімімен, кәсіподақ уәждемелі пікірін ескере отырып, директор тағайындайды және босатады.

1.4. Логопед директор мен директордың тәрбие ісі, оқу ісі жөніндегі орынбасарларына бағынады.

1.5. Біліктілік деңгейін арттыру бағытында жұмыс істейді.

1.6. Бір жылда 1 рет медициналық байқаудан өтеді.

1.7. Еңбек тәртібін сақтайды.

1.8. Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы», №6 «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтарын, "Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзеу арқылы қолдау туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілері; өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттары;
арнайы педагогика;
оқу-тәрбие процесін жобалау және ұйымдастыру негіздері;
арнайы білім беру саласындағы жаңа жетістіктер;
педагогикалық этиканың нормалары;
еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар.

2. Функциялары

- 2.1. жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын құрастыру
- 2.2. Бағалау әдістері өзгерген кезде бақылау тапсырмалары мен бағалау критерийлері білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып және жүзеге асырылатын оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып таңдау;
- 2.3. вариативті, арнайы және баламалы оқыту әдістерін қолдану. Оқыту әдістерін қолдану формасы немесе әдісі білім алушының жеке ерекшеліктеріне (тапсырмалардың көлемін, санын азайту, тапсырмаларды орындау уақытын қысқарту немесе ұлғайту, оқу тапсырмаларын жеңілдету, қысқа және қадамдық нұсқауларды қолдану, тапсырмаларды дауыстап айту, тапсырма үлгілерін, кестелерді, анықтамалық материалдарды және т.б. ұсыну). Баламалы оқыту әдістері мен технологиялары белгілі бір психикалық функциялардың (қабылдау, есте сақтау, зейін, праксис) бұзылуынан туындаған нақты оқу қиындықтары бар оқушыларға қатысты қолдану.
- 2.4. оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды таңдау, жеке оқу-әдістемелік кешендерді дайындау
- 2.5. білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің құрамына кіреді, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысу.
- 2.6. оқыту формасын таңдау
- 2.7. Қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдарымен байланысты ұйымдастыру.
- 2.8. білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруінде қиындықтарды анықтау мақсатында оқу жетістіктерін бақылайды, кәсіптік этиканы және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке ерекшеліктеріне байланысты құпиялылықты сақтау.
- 2.9. оқу бағдарламаларын бейімдейді, оқу процесін дараландырады және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жетістіктерін бағалайды, білімдеріндегі, біліктеріндегі, дағдылардағы олқылықтарды толтырады, оқулықтарды, оқу материалдарды таңдайды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) даму жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастырады, физикалық, психикалық және моральдық денсаулығын сақтау мақсатында сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда эмоционалдық жайлылық атмосферасын құру.
- 2.10. ЕББҚ балалардың білім алу қажеттіліктерін бағалауға, психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жеке бағдарламаларын, оның ішінде жеке оқу жоспарларын, жеке/бейімделген оқу жоспарларын, жеке даму бағдарламаларын дайындауға қатысады және жүзеге асырады, жеке, топтық, кіші топтық дамыту сабақтарын жүргізу.
- 2.11. Кіші топтық (2-4 бала), топтық (6-8 бала) сабақтарын өткізу үшін арнайы педагогтер жеке әзірленетін бағдарламалардың жалпы мазмұны принципі бойынша ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) біріктіреді. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін аптасына жеке, топтық, топтық сабақтардың саны олардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып белгілеу.

3. Лауазымдық міндеттері

- 3.1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын орта білім беру ұйымының арнаулы педагогы үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес ЕББҚ бар балалармен жеке, топтық және кіші топтық сабақтар (сабақтар) өткізеді;
- 3.2. ЕББҚ балаларға логопедтік арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді және тәрбиеленушілердің ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады;

3.3. ЕББҚ балалардың тілдік бұзылыстарын еңсеру үшін жеке оқу, Жеке-дамытушы, түзету-дамытушы бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар)сабақтар өткізеді;

3.4. ЕББҚ балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;

3.5. білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

3.6. басқа педагогтермен және мамандармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, білім беруде инклюзивтілік қағидатын іске асыруға ықпал етеді;

3.7. басқа педагогтармен және мамандармен тығыз байланыста ЕББҚ балаларды дамыту және әлеуметтендіру жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

3.8. тәрбиешілерге, адамдардың (балалардың) ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде консультация береді;

3.9. жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының және үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқытудың алуан түрлі нысандарын, білім беру технологияларын, тәсілдерін, әдістері мен құралдарын пайдаланады;

3.10. психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және консультация беру бағдарламаларын (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар), түзету-дамыту бағдарламаларын (психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, оңалту орталықтары, аутизм орталықтары және басқа да орталықтар) іске асыратын арнайы білім беру ұйымдарының арнаулы педагогы ЕББҚ балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді;

3.11. ерекше білім беру қажеттіліктерін ППҚ қызметімен бағалауды жүргізуге қатысады;

3.12. жеке оқу, жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар)өткізеді;

3.13. өзінің кәсіби құзыреттілігін арттырады;

3.14. әдістемелік кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады;

3.15. ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларға қоғамның толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;

3.16. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды;

3.17. тәрбие процесі кезеңінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

4. Құқықтары

4.1. Білім беру үдерісіне қатысушылардың жұмысының бағытын анықтау, жұмыстың түрі мен тәсілін таңдау, жұмыстың әр түрлі түрлерін өткізудің кезегі туралы мәселені шешу, белгілі бір кезең үшін жұмыстың басымдылығы жоғары бағытын ерекшелеу;

4.2. Мектеп атынан диагностикалық және түзете дамыту бағытында жұмыс істейтін тұлғалармен, ұйымдармен іскерлік қатынасқа түсу;

4.3. Балалардың сөйлеу тілдік дамуларының деңгейін, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды анықтауға байланысты оқушыларды тексеру;

4.4. Оқытудың тиімді құралдарын, формалары мен әдістерін таңдау, бағдарламаға өзгерістер ендіру, балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмысы бойынша апробацияланған және авторлық авторлық әдістемелерді әзірлеу және қолдану;

4.5. Қатысу құқығы: - білім беру бағдарламасын, концепциясын әзірлеуге, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бағдарламасын әзірлеуге және жоспарлауға; - сәйкес келетін нормативтік құжаттарды (ППҚ қызметінің атқарымы, құзыреттілігі, міндеттері, жауапкершілігі туралы ережелер) әзірлеуге; - Жарғымен белгіленген

тәртіпте Мектеп-лицейінің басқаруына; - логопед мұғалімдердің қалалық және облыстық семинарларына, жиналыстарға, ғылыми-әдістемелік конференциялардың жұмысына қатысуға;

4.6. Өзінің жұмысын жинақтай, тексерілген ақпараттарды пайдалана отырып, ғылыми және белгілі ғылыми басылымдарда жариялану;

4.7. Кәсіптік біліктілігін арттыру, өз еркімен сәйкес келетін біліктілік санатқа аттестациядан өтуге және аттестациядан табысты өткен жағдайда оны алу;

5. Жауапкершілігі

5.1. Логопед маманы мына жұмыстарға жауапты болады:


- тәрбиелеу-оқыту үдерісінде еңбек тәртібін, өнеркәсіптік санитария және өрттен сақтану ережелерін, еңбекті қорғау ережелерін, санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға;
- баланың құқығы мен еркіндігінің бұзылғандығы үшін;
- түзете дамыту жұмыстарын жүргізу кезінде баланың өмірі мен денсаулығы үшін;
- тексеру кезінде алынған материалдар мен мәліметтердің құпиялылығын сақтау;
- баланы тексеру кезінде (өзінің құзыретінің аясында) негізделмеген тұжырымдама жасау, оның салдарынан баланың дене және психикалық денсаулығының нашарлауы және әрбір баламен жүргізілетін түзету жұмысы нәтижесінің төмендеуі үшін;
- құжаттаманы жүргізу және оны сақтау;
- оқу жоспарына және оқу үдерісінің кестесіне сәйкес түзете дамыту бағдарламасын толық көлемде жүзеге асырылмағаны үшін.

5.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға, протекционизмге, непотизмге және жақын туыстарына тікелей бағынуға жағдай жасаудың жол берілмеуі туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауға;

5.3. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның 15-бабы 1-тармағының 10-тармақшасына сәйкес құқық қорғау органдарына және жоғары тұрған басшылыққа кәмететке толмағандардың немесе оларға қарсы заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) фактілері туралы қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс кәсіби қызметке байланысты оған белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

5.4. «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне» сәйкес білім беру ұйымдарындағы заңсыз миссионерлік қызметі үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:


«01» « 09 » 2023 ж.